

Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің  
жанындағы Степногорск қаласының № 4 «Арман»  
балабақшасы» МКҚК басшысының  
15.05.2023 ж. № 80 бүйрығымен  
бекітілген



**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім  
бөлімі жанындағы Степногорск қаласының № 4 «Арман» балабақшасы»  
МКҚК-да сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже**

Осы сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ұлгі ереже (бұдан әрі-ереже) Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степногорск қаласының № 4 «Арман» балабақшасы» МКҚК-да (бұдан әрі-мектепке дейінгі ұйым) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі ұйымдағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мәртебесін, өкілеттігін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Сыйайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтаудың қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйайлас жемқорлыққың бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 3) мұдделер қақтығысы - жаупты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;
- 4) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық - занда әкімшілік немесе қылмыстық жауптылық белгіленген, сыйайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) сыйайлас жемқорлық тәуекелі - сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туында мүмкіндігі;
- 6) сыйайлас жемқорлықтың алдын алу - сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

2. Мектепке дейінгі үйымда негізгі міндеті осы үйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастырын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастырын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастырын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға аталған органдар болмаған жағдайда директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе мектепке дейінгі үйымның өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен мектепке дейінгі үйымның басшысы айқындаиды.

## **2 тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мәртебесі**

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органга, лауазымды адамдарға қарамастан жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган көрсетеді.

6. Егер занда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Үлгілік Ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті үйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе мектепке дейінгі үйымның өзге де тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, басшы бекітеді.

## **3-тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтінің негізгі мақсаты мектепке дейінгі үйым қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз

ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

#### 8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) мектепке дейінгі ұйым мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) мектепке дейінгі ұйымда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) мектепке дейінгі ұйымда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және ұздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

9. Мектепке дейінгі ұйым сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың ұздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін тұрақты арттыру.

#### 10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) мектепке дейінгі ұйымның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 2) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді;
- 3) мектепке дейінгі ұйымның мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын әзірлеу;
- 6) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты әзірлеуді қамтамасыз етеді;

7) корпоративтік әдеп және мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжатты өзірлеу;

8) мектепке дейінгі ұйымдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

9) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі қазандығы 12 бүйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіндің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның талдау жүргізуіндігі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді; қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымның қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

11) мектепке дейінгі ұйымда анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингін және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

12) мектепке дейінгі ұйымда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

15) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;

17) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі іс шаралардың ішкі жоспарын мектепке дейінгі ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің орындауына мониторинг өзірлейді және жүргізеді;

18) мұдделер қақтығысын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымды жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерінде анықтау, мониторингтеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) мектепке дейінгі ұйымдағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

20) мектепке дейінгі ұйымдағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

21) мектепке дейінгі ұйымның басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша, мектепке дейінгі ұйымның қызметін

ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

22) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, мектепке дейінгі ұйыммен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

## 11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің құқықтары

1) мектепке дейінгі ұйымның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе мектепке дейінгі ұйымның өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына өз құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) мектепке дейінгі ұйымның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексеру шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің мектепке дейінгі ұйымда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не мектепке дейінгі ұйымда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады.

## 12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің міндеттері

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған мектепке дейінгі ұйым туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайты, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса;

2) сыйбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және мектепке дейінгі ұйымдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) мектепке дейінгі ұйымның директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда мектепке дейінгі ұйымның басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

- 6
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;
  - 5) мектепке дейінгі ұйымның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
  - 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

**4-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты мектепке дейінгі ұйымға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға тоқсан сайын жібереді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша мектепке дейінгі ұйымда қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының заннамасында айқындалған директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе мектепке дейінгі ұйымның өзге де тәуелсіз басқару органына, ал аталған органдар болмаған жағдайда мектепке дейінгі ұйымның басшысына кезең-кезеңімен есеп береді.